

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын коммуналдық меншікке беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 394 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Заңнамада белгіленген тәртіппен мыналар:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазақ қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Ақсеңгір" тәжірибе шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Талдықорған ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Қапал" кеңшары республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны - Алматы облысының коммуналдық меншігіне;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Задария" мемлекеттік мал тұқымын асылдандыру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Комсомол" тәжірибе шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Қызылқұм тәжірибе шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны - Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне берілісін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 26 қаулысымен

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етсін.

3. Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де іс-шараларды жүзеге асырсын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК